Бекітемін _____
«Гүл-Қуан-2» балабақшасы
меңгерушісі: Елубайқызы Г
«01» 09 2026 жыл

2026-2027 оқу жылына арналған өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары

Міндеттер:

- өртті сөндірудің бастапқы құралдарын (барлық үлгідегі өрт сөндіргіштерді, өрт қалқандарын) қоса алғанда, күзет-өрт дабылының, апаттық автоматты өрт сөндірудің, ішкі өрт су құбырының, өртке қарсы қорғау құралдарының орнатылған жүйелерін ақаусыз күйде ұстауды қамтамасыз ету;
- өртке қарсы насихат жүргізу, МДҰ қызметкерлеріне өрт қауіпсіздігі талаптарын оқыту;
- эвакуациялау жоспары бойынша бағдарлау дағдыларын, өрт болған жағдайда іс-қимыл тәртібін, ғимараттан материалдық құндылықтарды эвакуациялауды жүзеге асыру тәсілдерін әзірлеу;
- өрт кезінде балалардың жарақаттануы мен опат болуының алдын алу жөнінде МДҰ қызметкерлерінің жұмысын жетілдіру;
- балалардың түсінігіндегі өрттің пайда болу себептері туралы білімдерін жүйелеу, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамаудың ықтимал салдарына саналы көзқарасты қалыптастыру;
- балалардың күнделікті өмірде қажетті қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, отқа, электр құрылғыларына қатысты жоғары қауіптілік және сақтық сезімін қалыптастыру;
- өрт кезіндегі мінез-құлық ережелерін үйрету;
- балаларды өрт сөндіруші мамандығы, өрт сөндіру техникасымен таныстыру;
- өрт қауіпсіздігі ережелері мен тұрмыста және табиғатта оның алдын алу шараларын зерделеуге ата-аналардың назарын аудару.

№ р/н	Іс-шара атауы	Өткізу мерзімдері	Жауаптылар	Орындау туралы белгілер
	Ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар			
1.1.	Балабақшаны жаңа оқу жылына дайындау. Өрт сөндіргіштердің бар-жоғын және жарамдылығын (техникалық жай-күйін) тексеру. Жертөлелерді, қойма үй-жайларын қажетсіз мүкәммалдан, құрылыстан қалған және өзге де қоқыстардан алдын	Тамыз, жаңа оқу жылына мемлекеттік қабылдау мерзіміне дейін	ӘШБ жөнінде орынбасар	

	ала тазалау. Негізгі және қосалқы шығуларға арналған құлыптардың, қосалқы кілттер жиынтығының бар болуын тексеру.			
1.2.	Қабаттарда эвакуациялау жоспарлары, өрт сөндіргіштер, телефондар орналасқан жердің трафареттік көрсеткіштері бар болуын және жай-күйін тексеру.	Тамыз, жаңа оқу жылына мемлекеттік қабылдау мерзіміне дейін	Өрт қауіпсіздігіне жауаптылар	
1.3.	Өрт қауіпсіздігі жөнінде нормативтік құжаттарды зерделеу	Жыл бойы	МДҰ басшысы, өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
1.4.	Өрт қауіпсіздігіне қатысты шаралар туралы жергілікті құжаттарды әзірлеу және бекіту: ➢ МДҰ-да өрт қауіпсіздігіне жауапты адамды тағайындау туралы бұйрық; ➢ МДҰ-да өртке қарсы режимді орнату туралы бұйрық; ➢ өртке қарсы іс-шаралар және өрт қауіпсіздігіне жауапты адамдарды тағайындау туралы бұйрық; ➢ қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі шараларын оқыту жөнінде іс-шараларды өткізу туралы бұйрық.	Тамыз	МДҰ басшысы	
1.5.	Өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулар мен көрнекі үгіт-насихат материалдары болуын (жаңартылуын) тексеру.	Жарты жылда 1 рет	МДҰ басшысы, өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
	Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес актілерге қол қою.	Кесте бойынша	МДҰ басшысы	
1.6.	Әкімшілік жиналыстарда, педагогикалық кеңестерде МДҰ-да өрт қауіпсіздігі жағдайын қарастыру және өртке қарсы режимді күшейту жөнінде бірінші кезектегі шара қабылдау.	МДҰ жылдық жоспары бойынша жыл ішінде	МДҰ басшысы, өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
1.7.	Өрт қауіпсіздігі жөнінде көрнекі үгіт-	Жыл бойы	Өрт	

	насихат материалдарын тұрақты түрде рәсімдеу.		қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
1.8.	Тәрбиеленушілер және қызметкерлермен бірге өрт қауіпсіздігі ережелерін зерделеу үшін дидактикалық ойындар, көрнекі құралдар сатып алу.	Жыл бойы	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
1.9.	Өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау: ➢ өрт қадағалау нұсқамалары бойынша ескертулерді жою; ➢ өртке қарсы режимді сақтау; ➢ бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау; ➢ аумақты, ғимаратты, МДҰ ғимараттарын және эвакуациялау жолдарын күтіп ұстау; ➢ электр қондырғыларын, ➢ өртке қарсы сумен қамту желілерін күтіп ұстау; ➢ өрт сөндірудің бастапқы құралдарын есепке алу және пайдалану; ➢ өрт дабылын күтіп ұстау.	Жыл бойы	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
1.10.	Сыртқы жарықтандырудың, электр розеткаларының, ажыратқыштардың жарамдылығын, электр желілеріне техникалық қызмет көрсетуді, электр жабдығының, жарықтандыру және тұрмыстық электр желілерінің жай-күйін тексеру.	Тұрақты	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
	Жұмыс орнында ӨҚ ережелерінің, өртке қарсы режимнің сақталуын бақылау.	Тұрақты	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
1.11.	Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қажетті шараларды дайындау, өртке қарсы іс-шаралардың орындалуын бақылауды күшейту	Бұзушылықтар, кемшіліктер анықталуына қарай	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
1.12.	Өрт қауіпсіздігі жағдайын қамтамасыз ету үшін аумақты жүйелі түрде тексеруді жүргізу (қоқыстану, от жағу, МДҰ құрылыстарына іргелес учаскелерде	Тұрақты	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	

	құрылыс материалдарын жинау).			
1.13.	Электр желісінің оқшаулау кедергісін және құрал-жабдықтың жерлендірулуін тексеру.	Жыл бойы	Энергия сараптамасы жөніндегі ұйыммен шарт бойынша	
МДҰ қызметкерлерімен жұмыс				
2.1.	Әкімшілік жиналыстарда, педагогикалық кеңестерде МДҰ-да өрт қауіпсіздігі жағдайын қарастыру және өртке қарсы режимді күшейту жөнінде бірінші кезектегі шара қабылдау.	Қажеттілігіне қарай, МДҰ жоспары бойынша	МДҰ басшысы, өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
2.2.	Жаңа оқу жылына арналған өрт қауіпсіздігі жөніндегі ұжымдық жұмыс жоспарын бекіту.	Жаңа оқу жылы басталғанға дейін	МДҰ басшысы	
2.3.	МДҰ қызметкерлеріне өрт қауіпсіздігі талаптарын оқытуды және білімін тексеруді ұйымдастыруды жүргізу.	Жыл бойы	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
2.4.	Жаңадан қабылданған қызметкерлерге кіріспе нұсқау беруді өткізу. Қызметкерлермен жұмыс орнында өртке қарсы қайталама нұсқау беруді жүргізу. Ағымдағы өртке қарсы нұсқаулықтар жүргізу.	Жұмысқа жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде. Қыркүйек, наурыз (жарты жылда 1 рет) жыл бойы	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
2.5.	Бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде қызметкерлерге нұсқаулықтар беру (ертеңгіліктер, ойын-сауық, жарыстар және т. б.)	Жыл бойы	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
2.6.	Өрт шыққан жағдайда эвакуациялау жоспарын пысықтау бойынша практикалық сабақтар.	Жаттығу кестесіне сәйкес	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
2.7.	Педагогтерді балаларға өрт қауіпсіздігі ережелерін таныстыруды үйрету.	МДҰ жоспары бойынша	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	

Тәрбиеленушілер және олардың ата-аналарымен жұмыс				
3.1.	Топтарға арналған үй-жайларда өрт қауіпсіздігі бұрыштарын ресімдеу. Тәрбиеленушілермен бірге өрт қауіпсіздігі ережелерін зерделеу үшін дидактикалық ойындар, көрнекі құралдар сатып алу. Үйде өрт қауіпсіздігі ережелерін бекіту және сақтау жөнінде тәрбиеленушілердің ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) өзара іс-қимыл.	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар	
3.2.	Тәрбиеленушілермен өрт қауіпсіздігі ережелері жөнінде әңгімелесулер, ҰІӘ пен басқа да іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу.	Жеке жоспар бойынша	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар	
3.3.	Өрт қауіпсіздігі ережелері және өрт шыққан жағдайда мінез-құлық ережесі туралы әңгіме түріндегі нұсқамалар.	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар	
3.4.	Өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша сурет байқауын, викторналар ұйымдастыру және өткізу.	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар	
3.5.	Балалар және отбасылық шығармашылық бойынша өрт қауіпсіздігі тақырыбындағы аудандық байқауларға қатысу.	Жыл бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, мамандар	
3.6.	Балаларды қорғау күнін өткізу кезінде ТЖ (өрт) кезіндегі мінез-құлық нормативтерінің практикалық дағдыларын пысықтау.	Мамыр	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	
3.7.	«От қауіпті» атты жыл сайынғы апталық (айлық) өткізу.	МДҰ жоспары бойынша	Өрт қауіпсіздігі жөнінде жауапты	